

**ҰЖЫМДЫҚ  
ОҚЫТУ  
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**



## **ЖОСПАР**

### **КІРІСПЕ**

- 1.ҰЖЫМДЫҚ ОҚЫТЫ ТЕХНАЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК.**
- 2.ҰЖЫМДЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНАЛОГИЯСЫН САБАҚТА ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ,**
- 3.ҰЖЫМДЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНАЛОГИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ.**

Қазіргі жаңа педагогикалық парадигмаға сәйкес мемлекеттік тілді оқытуда озық технологиялардың қолданылуы тиімді оқыту әдістемесін жетілдіре түседі. Сондықтан мемлекеттік тілімізді басқа ұлт өкілдеріне меңгертуде әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген қатысымдық бағытты ұстанып, пән мұғалімі ретінде «Ұжымдық оқыту» технологиясынның әдіс тәсілдерін қолдану, олардың тілдік қорын молайтуда, ауызекі сөйлеу тілін дамытуда, тілге деген қызығушылығын арттыруда коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруын жүзеге асырудың бірден-бір ұтымды жолы болып табылады.

**Ұжымдық оқыту технологиясы** – шығармашылық, өнерпаздықты талап ететін үрдіс. Қазіргі таңда оқыту әдістемесіндегі жаңа технологиялар білімді жеке тұлғаға қарай бағыттай беруді басшылыққа алады.. Ал бұл үрдісте ұжымдық оқыту технологиялардың орны ерекше. Себебі ол әр оқушының өзіне ғана тән ізденісі, қабылдауы, болжамы, сезімі, шешімі, тұжырымы негізінде жазылады. Ұжымдық оқыту тәсілдерінің басты белгілері: әр баланың қабілеті, дарынын дамыту, ұжымдағы әрбір мүшені оқыту және әркімге ортақ жұмыстағы бір-біріне көмегі, ынтымақтастығы болып табылады. Ұжымдық оқыту тәсілдерінде мұғалім мен оқушының іс-әрекеті алмасып келіп отырады. Мұғалімнің іс-әрекеті, қызметін ұжым атқарады, яғни жаңа білімді меңгерту, тапсырмаларды орындауда, бір-бірінің жұмыстарын бағалауда, талдауда өздері жетекшілік етеді. Мұғалім ұйымдастырушы, ақыл-кеңесші қызметін атқарады.



Ұжымдық өзара оқыту технологиясы (ұйымдастырушылық, диалог, байланыстырушы диалог, талғенизм таланттар және дарындылар, оқудың ұжымдық тәсілі, ауыстыру құралында оқушылардың жұппен жұмысы) А.Г.Ривин және оның оқушылары мен ісін жалғастырушылары (В. К.Дяченко, М.Д.Брайтермен, А.С.Соколов т.б.) жасап шығарған.

Мұндай технологиялар оқу материалын дайындау, оқу мәтіндерін, қосымша және анықтама, сабақ тақырыбы бойынша (немесе сабақтар циклі бойынша) мазмұнын меңгеру бірлігіне бөлу (авторлық нұсқада ойлау сағаттары) мақсатты тапсырма жасау, оның ішінде үй тапсырмаларын жасау жатады.





***Оқушылар екі кезеңді бағдарға алады;***

- Дайындық, қажетті жалып оқулық бірліктер мен дағдыларды қалыптастыру және өңдеу мақсатындағы; кеңістікті бағдарлау; жолдасынды тыңдап, оның не айтып отырғанын есту; шулы ортада жұмыс істеу; қажетті ақпаратты табу; жекеше есеп парақтарын қолдану; белгілі кейіпкерлерді сөзге және кейіпке айналдыру;

***Бұл белгілер арнайы тренингтік сабақтар кезеңінде іске асады.***

- таныстырушылық, жалпы элементі «ойын ережесін» меңгеру, мақсатты ұстанымды хабарлау, өңдеу мінезімен нұсқау және оқу қорытындысын есептеу тәсілі болып табылатын әртүрлі модификациялары бар.
- Қасындағы оқушымен білім алмастыру рөлдік ойын «мұғалім оқушы» ережесі бойынша. Рөлдерді ауыстыру міндетті түрде қажет. Мұғалім жаңа сабақ тақырыбының өз нұсқасын, өзінің жоспарын ұсынады, қойылған сұрақтарға жауап береді, бақылау сұрақтарын немесе тапсырмаларға және т.с.с ұсынады. Бұл саты білім алмастырумен аяқталады; - жаңа ғана қабылданған ақпаратты өңдеу және өзара оқытуға жаңа жолдас іздеу және т.с.с.

Ұжымдық оқыту технологиясының тілді меңгертудегі маңызы зор. Шағын топтар, жұптар құруы арқылы оқушылардың жұмыстарын ұйымдастыра отырып, меңгерілетін оқу материалын қабылдау сапасы артады. Неге десеңіз шағын топтар мен ұжымдар жұптар және ұжым құрамындағы оқушының білімді қабылдау және өз ойын жеткізуге толық мүмкіндік алып 1 сабақ көлемінде үлкен материалды ауыспалы жұп құру арқылы, яғни өзінің серіктесінен немесе өзі серіктесіне түсіндіру арқылы меңгереді.

Технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана отырып бірнеше коммуникативтік компетенциялар дамиды.

Тыңдалым

Оқылым

Коммуникативтік  
компетенциялар

Айтылы  
м

Жазылым



## Коммуникативтік компетенциялар

### 1. Тыңдалым:

– ауызша сөздің мазмұнын түсіне және оны қысқартып және кеңейтіп жеткізе білу.

– Меңгерілетін материалдар негізі жүйесін айқындап, оны ретімен баяндай білу.

– Түрлі мәтіндердің ерекшелігі мен стилін түсініп бағалай білу.

### 2. Оқылым:

- Оқушының түрлерін (сапалы түсініп оқу, дұрыс оқу, шапшаң оқу, мәнерлеп оқу) кітаппен және өзге де әдебиеттермен жұмыс үстінде орынды қолдану.

### 3. Айтылым:

- Әлеуметтік мәдени, эстетикалық, адамгершілік, тұрмыстық және басқа да тақырыптар бойынша, сондай-ақ тілдік жағдайларға сай ауызша, диалогтар құрай алу.

### 4. Жазылым:

- Әр түрлі стильдар мен шараларға жазбаша мәтіндер құрай алу.


- Естіген немесе оқыған мәтін мазмұнын мақсатқа сай жаза алу.

## **Ұжымдық оқытудың негізгі идеясы:**

*Оқытуды әр бала жан-жақты дамитындай етіп ұйымдастыру.*

## **Ұжымдық оқытудың басты принциптері:**

- *Жоғары қиындықта оқыту.*
- *Теориялық білімнің жетекші ролі.*
- *Оқытудың тәрбиелік мәнінің болуы.*
- *Дамыта оқытудың негізгі қағидалары.*
- *Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас.*
- *Іс-әрекеттік оқыту тәсілі.*
  - *Даму заңдылықтарын ескеру.*
  - *Педагогикалық ықпалдың, дамудың алдын-алу.*
  - *Баланы іс-әрекет субъектісі ету.*
  - *«Жақын даму аймағында» оқыту.*
  - *Мақсатты оқу іс-әрекеті, оқу міндеттерін шешу.*



# ҰЖЫМДЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ЖҰПТЫҚ ТӘСІЛІ

## 1. Тұрақты жұп

1. Екі оқушы өз тілегі бойынша жұпталады. Мұғалім-оқушы; оқушы-мұғалім қызметінде іс-әрекет жасайды. Жұпқа екі жақсы оқитын, немесе бірі жақсы, бірі орташа оқитын бала жұпталады.

## 2. Өзгеріп, ауысып отыратын жұп.

2. Бір тапсырманы 4 бала төрт бөлімге бөліп алып орындайды. Әр бала өз жұмысын қалған 3 баланың әрқайсысына түсіндіреді. Сонда өз жұмысын үш рет қайталап айтады. Әр баланың дербес қабылдауы, өзіндік білімін ескере отырып айтқанда, түсіндіру үш түрлі деңгейде болуы мүмкін.

## 3. Вариациялық жұп (ерекше жұп)

3. Топтағы баланың әрқайсысында жеке-жеке жұмыс болады. Тапсырма орындалған соң, жеке-жеке мұғаліммен жұмыс істейді де бір бала қалған үшеуіне түсіндіреді, қалғандары кезектесе отырып осы бағытта әрекет жасайды.





Ұжымдық оқыту тәсілдерін тәжірибеге пайдалану жолдары әртүрлі болып келеді. Оқытудың бұл түрі бүгінгі технологияландыру кезінде де өз маңызын сақтап отыр. Төменде ұжымдық оқытуды әдістемесі беріліп отыр. Тұрақты жұптық жұмыс жүргізу жолдары:

*I кезең.* Дайындық кезеңі. Оқушылар сынып санына қарай топқа бөлінеді. Мұғалім тапсырмалармен таныстырады, көмек-нұсқау жазылған үлестірме қағаз таратады. Шешілетін проблемаға назарларын аударады. Топ спикері түсінік береді.

*II кезең.* Жұптағы, топтағы жұмыстардың жүруі. Оқушылар тапсырманы жеке-жеке орындайды. Кезектесе отырып, бір-бірінің жұмысын тыңдайды; ортаға салады, бір-біріне сұрақ қояды, қорытындылайды. Бағалайды, коррекциялық жұмыстар жүргізеді, бір-бірін оқытады, бір-бірінен үйренеді, бір-біріне түсіндіреді.

*III кезең.* Жұмыстарын, қорытындыларын, жасаған жобаларын спикер хабарламасы арқылы мұғалім тыңдап, танысады. Жауаптардың дұрыс-бұрысын сараптайды, саралайды.


*IV кезең.* Мұғалім ұжымды жұмыстың орындалу сапасымен таныстырады. Ұжым тыңдайды, талқылайды, пікірлеседі (дауласады, пікір таласы, келісу-келіспеушілік болады).

Ұжымдық оқытудың бір түрі – *топтық жұмыс*. Дәстүрлі оқытудағы топтық жұмыстар тұрақты болып келеді, өздеріне берілген тапсырмаларды топ болып орындайды. Ұжымдық оқытуда тұрақты топ болмайды, олар үнемі ауысып отырады. Топтағы оқушылардың әрқайсысы басқа топқа барып, жұмыстарын ортаға сала алады, үнемі қозғалыс, ауысып отыру бұл оқытудағы топ жұмыстарының өзіндік ерекшелігін даралайды. Топқа оқушылар өз еркімен де, мұғалім нұсқауымен де кіре алады. Мұғалім оқушылардың қабілеті, іскерлігі, білім дәрежесіне қарай топтастырады. Топтық жұмыстың басты тиімділігі: берілген шектеулі уақытта пікір алмаса алады, ойларын ортаға салып үлгереді.

- пікір алмасуға, ортаға салуға, ынтымақтастықпен бірігіп, жұмыс істеуге, қорытынды жасауға қатыса алады.
- зерттеу, іздену іс-әрекетіне икемделеді.

Топтық түрінің негізгі ерекшеліктерін былай бөлуге болады:

- 1.Қарым-қатынастың топтық құрылымы;
- 2.Негізгі талап:бір адамды таңдау мүмкіндігі үшін жалпыға бірдей тыныштық,яғни қарым-қатынастың әрбір сәтінде тек қана бір адам сөйлей алады;
- 3.Негізгі жақсы жағы:топ мүшелерінің білуі және істеуі тиіс нәрсенің барлығы бір уақытта барлығына түсіндіріліп көрсетіледі;
- 4.Әдебиетте кәсіби педагог,яғни арнаулы білімі бар мұғалім оқытылады;
- 5.Әрбір оқушы мұғалімнің айтқанын үндемей қабылдауға тиіс, сондықтан қуға деген селқостығы болады;
- 6.Әрбір оқушы тек өзіне жеке басының жетістігіне қамқорлық жасайды және қамқорлық жасау тиіс.Яғни,ол өзіне ғана өз білімі мен тәртібіне жауап береді;
- 7.Оқушылардың қоғамдық пайдалы іс-әрекеттері болуы мүмкін емес, өйткені өзі үшін ғана оқиды;
- 8.Оқушы педагогикалық ықпал жасаудың тұрақты объектісі,сырттай қараушы тірі жәндігі;
- 9.Жолдастарымен қарым-қатынас жасауға рұқсат берілмейді;
- 10.Оқушылар арасында жалпы ынтымақтасытқ пен жолдастық өзара көмек жоқ.



Ал,ЗВЕНО БРИГАДАСЫ арқылы оқытудың ерекшелігіне тоқталсақ,олардың шамалы айырмашылықтары бар,бірақ мәнін өзгертпейді.Бұл мынадай ерекшеліктер:

- топ **3-8** адамдық тұрақты құрамынан тұрады;
- біреуі топты оқытып-үйретеді;
- кейбір жекелеген оқушылар ретінде бола алмады (шамалап)**20%** ғана және т.б.



Топтық жұмыста мұғалім тарапынан нақты нұсқау беріледі. Топ спикері белгіленеді. Топ жұмысы жемісті болу үшін мұғалім оқушылар арасындағы бірлікке ерекше көңіл бөледі. Сынып неше топқа бөлінсе де, олар бір ғана проблема шешу айналасында ізденеді. Мысалы, *"Қараиш-қараиш оқиғасындағы етістіктердің орны"* деген проблема – барлық топтың шешетін тапсырмасы. Әр топқа әңгімені тарау-тарауға бөліп беру-мақсатқа жетудің тиімді тәсілі. Әр топ өздеріне ұсынған оқиғалардан сын есімді іздейді, мақсатқа жету айналасында еңбектенеді. Топтық жұмыстан соң спикерлер өз тобымен микро-сабақтар (шағын сабақтар) өтеді. Оған барлық топ қатысып, мәселені талқылауға, сұрақ қоюға араласады. Бір-бірінің жұмысын талдау, бағалауда ауысып отыру топ арасында жүріп отырады. Ал топ ішіндегі оқушылар өз-өзіне, бір-біріне баға қоя алады, оған еркіндік беріледі. Олардың жұмысына, жауабына, тапсырманы орындауына спикер сараптама жүргізеді, талдау береді. Топ мүшелерін ауыстырып отыру, керегінде оны өзгертпеу тапсырмалар ауқымына, күрделілігі мен жеңіліне байланысты болады. Кейде тапсырма топтағы оқушылар санына қарай жеке-жеке бөлініп беріледі. Әрқайсысы өз жұмыстарын аяқтаған соң, ортаға салады. Жұмысын аяқтаған бала қай топқа барып өз нәтижесін ортаға салады, оған еркіндік беріледі. Уақытты үнемдеу, қайталаулар арқылы еске ұстау, тыңғылықты білім алу үрдісі жүреді. Ең бастысы, оқушылар өз беттерімен бір нәтижеге қол жеткізеді, барлығы ізденеді, оқу еңбегіне бірдей қатысады.

## *Топтық және ұжымдық оқытуды салыстыру*

Топтық оқыту тәсілі	Ұжымдық оқыту тәсілі
<b>Ұйымдастырушылық:</b>	
<b>Нақтылық</b>	<b>Нақтылық жоқ</b>
<b>Бір бала сөйлейді</b>	<b>Барлығы сөйлейді</b>
<b>Оқушылар қарым-қатынасы шектеулі</b>	<b>Оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасайды</b>
<b>Үнсіздік, тыныштық</b>	<b>Жұмыс барысында шу</b>
<b>Тұрақты жұмыс орны</b>	<b>Жұмыс орны ауымып атырады.</b>
<b>Диадктикалық:</b>	
<b>Кәсіби педагог оқытады</b>	<b>Оқушылар оқытады</b>
<b>Барлық материал бірден барлығына беріледі</b>	<b>Қарқын және материал әртүрлі</b>
<b>Өз бетінше жұмыстың аз болуы</b>	<b>Топтық өз бетінше жұмыс</b>
<b>Ынтымақтастық жоқ</b>	<b>Ынтымақтастық-оқыту негізі</b>
<b>Меңгеруі және қолдануы шашыраңқы</b>	<b>Максималды жақындатылған</b>
<b>Дамытушылық</b>	
<b>Оқушы-объект</b>	<b>Оқушы –субъект және объект</b>
<b>Балалардың қабілеттерінің теңестірілуі</b>	<b>Жеке ерекшеліктеріне байланыс</b>
<b>Оқытудың жүйелілігі</b>	<b>Аяқ астына болуы</b>
<b>Ел алдында шағып сөйлеуге үйренбейді</b>	<b>Ел алдына шығып сөйлеуге, талдауға, дәлелеуге үйренеді.</b>
<b>Түсіндіре алмайды</b>	<b>Педагогикалық қабілеттерін дамытады.</b>
<b>Тәрбиелік</b>	
<b>Әрқайсысы өзі үшін жұмыс істейді</b>	<b>Өзі және басқалар үшін де жұмыс істейді</b>
<b>Ұжымдық емес қарым-қатынас</b>	<b>Ұжымдық қарым-қатынас</b>

Жұптық жұмыстардың тағы бір түрі - *еркін жұптар* арасындағы, яғни өзгеріп, ауысып келіп отыратын жұптар жұмысы, оның технологиясы төмендегідей: тапсырма бәріне ортақ беріледі. Әрқайсысы оны жеке-жеке орындайды да, өзі қалаған баламен жұптасып, тапсырмасын ортаға салады. Ары қарай басқа баламен жұптасып, жұмысын жалғастырады. Жұптағы екінші бала да осы тәсілмен бірнеше баламен жұмыс істейді. Әр бала өз жұмыстарын ғана ортаға салмайды, екінші баланың да жұмысын тыңдайды, танысады.

Осы жұптасқан балалар енді басқа балалармен де жұптасып жұмыс істейді. Бұл жұмыстың ұтымдылығы: бір баланың жұмысына бірнеше бала пікір айтады, бағалайды, жетістігі, кемшілігі туралы талдау жасайды. Қайталап сөйлесу, пікірлесу, ойларын еркін жеткізуге, тілдерін жаттықтыруға, білімін жан-жақты толықтыруға ықпал етеді.

Ұжымдық оқытуға негізделген жұптық жұмыстың бір түрі – *вариациялық (ерекше) жұптар* жұмысы. Оның технологиясы – топтағы балалардың әрқайсысы берілген тапсырманы жеке-жеке орындайды. Орындап болған соң, оқушылар жеке-жеке өз жұмыстарын кезектесе отырып ортаға салады. Біреуі айтып жатқанда, қалғандары тыңдайды, жазба жұмыс болса, жазғандарын оқиды. Бір-біріне сұрақ қояды, ол сұраққа жауап бере алмаса, топтағы басқа балалар жауап береді. Бұл жұмыс әсіресе оқушының ауызекі сөйлеу тілі мен жазба тілін бірлікте қарастыра отырып тіл дамытуда тиімді болып келеді.





# Қолданылған әдебиеттер:

- 1.Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении.Просвещение.1991.
- 2.Таубаева Ш.Т.,Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі техналогиялары.Алматы,2005
- 3.Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық техналогиялар мен оқыту құралдары.- АЛМАТЫ,2007.
- 4.Бәрібекова.Ф.Б.,Жанатбекова.Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық техналогиялар. Алматы,2014
- 5.Интернет желісі.

Орындаған: қтә-14 тобының студенттері  
Габбасова Гүлім  
Хамитова Арайлым